

Входящий номер: 971 от 04.03.2
«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ»

080012, Таразқаласы, Желтоқсан көшесі, 78 үй
тел.: 8(7262)43-36-36, факс (7262) 43-75-77
e-mail: uzo_zhambyl@mail.kz

080012, город Тараз, улица Желтоқсан, 78
тел. 8(7262) 43-36-36, факс (7262)43-75-77
e-mail: uzo_zhambyl@mail.kz

**«Астана медицина
университеті»
коммерциялық емес
акционерлік қоғамы
Басқарма төрағасы-Ректоры
А. Турмахамбетоваға**

*2026 жылғы 17 ақпандағы
№42.10/828 хатқа*

Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқарма, өңірдегі жоғары білікті кадрлардың сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпарат жолдайды.

1) Бүгінгі күнге өңірімізде дәрігерлер тапшылығы 74 бірлік (28 қала, 46 ауыл) болды.

Тапшы дәрігерлердің басым бөлігі Тараз қаласы бойынша жалпы практикалық дәрігер 1 және терең білімді анестезиолог-реанимотолог 3, физикалық медицина және реабилитация 3, психиатр 3, клинфармаколог 5, патологиялық анатомия 2, пульмонолог 2, терапевт, инфекционист, невролог, эпидемиолог, физикалық диагностика мамандықтары бойынша бір маманнан қажеттілік бар.

Ауылдық елді мекендерде тапшы дәрігерлердің басым бөлігі жалпы практикалық дәрігер 6 және терең білімді терапевт 5 маман, педиатр 2, акушер-гинеколог 3, радиология (сәулелі диагностика) 4, анестезиолог-реанимотолог 4, кардиолог 3, инфекционист 3, невролог 2, онколог 2, оториноларинголог, офтальмолог және балалар хирургиясы, неонатолог, нефролог, травматолог-ортопед, уролог, физикалық медицина және реабилитация, эпидемиолог, фтизиатр, функционалдық диагностика мамандықтары бойынша бір маманнан қажеттілік бар.

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне

Входящий номер: 971 от 04.03.2026
Исходящий номер: 818 от 04.03.2026

Входящий номер: 971 от 04.03.2026

Исходящий номер: 818 от 04.03.2026

еңбекақы төлеу жүйесі туралы» № 1193 қаулысына сәйкес, жалақы мөлшері айқындалып, төленеді.

3) Жамбыл облыстық маслихаттың 2024 жылды 24 сәуірдегі №14-3 шешімімен жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен біржолғы әлеуметтік қолдау көрсету түрлері санаттарға бөлініп, мөлшерлері өзгерді. Бүгінге, жергілікті бюджет есебінен облыстың ауылдық жерлерінде, кенттерге, моноқалаларға, аудандық маңызы бар қалаларға жіті тапшы мамандар бойынша 8 500 000 (сегіз миллион бес жүз мың) теңге, облыстың ауылдық жерлерінде, кенттерге, моноқалаларға, аудандық маңызы бар қалаларға 1 200 000 (бір миллион екі жүз мың) теңге, Тараз қаласына 800 000 (сегіз жүз мың) теңге мөлшері айқындалды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы» №72 бұйрығына сәйкес, республикалық бюджет есебінен тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау 1500 АЕК аспайтын сомада бюджеттік кредит және 100 АЕК тең сомада көтерме жәрдемақы беріледі.

Аудан әкімдігі тарапынан коммуналдық қызметтерге, отын, су, көмірге арналған шығындарды өтеуге 5 АЕК мөлшерде айқындалған. Сонымен қатар Сарысу, Жамбыл және Талас аудандарына келген мамандар қызметтік пәтермен қамтамасыз етіледі.

**Басқарма басшысының
орынбасары**

Л. Отарбай

Входящий номер: 971 от 04.03.2026

Исходящий номер: 818 от 04.03.2026

Входящий номер: 971 от 04.03.2026
Исходящий номер: 818 от 04.03.2026

Орынд: Н.Тоқмахан
Тел: 8 775 596 0712

Входящий номер: 971 от 04.03.2026
Исходящий номер: 818 от 04.03.2026